



ЖЫР АЛЫБЫ – ЖАМБЫЛ

(ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 175 ЖЫЛ)





ЖАМБЫЛ ЖАБАЙҰЛЫ (28 ақпан 1846, Жамбыл тауы - 22 маусым 1945, Алматы) – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жырыш.

Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының Ішіндегі Екей руы.

ЖЫЛДАР БОЙЫНША ХРОНОЛОГИЯ

1937 жылы бүкіл еліміз Жамбылдың шығармашылық қызметінің жетпіс бес жылдығын аталып өтілді. Бұл күндері халық ақыны дүние жүзінің көптеген озық қайраткерлерінен құттықтау телеграммалар алды. Көрнекті француз жазушысы Ролан Ролланның Жамбыл ақындығының 75 жылдығына орай «Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адамзаттың жаршысы Жамбылға туысқандық сәлем жолдаймын» деп телеграмма жіберуі.

1941 жылы Жамбылға мемлекеттік сыйлық берілді. Ұлы Отан соғысы күндерінде Жамбыл өзінің өлеңдерінде Кеңес Социалистік Республикалар халқын Отанды қорғауға, еңбектегі ерлікке шақырды. Совет адамдарының батырлығын, КСРО халықтарының мызғымас достығын жыр етті.

1943 жылы майданда Жамбылдың ұлы Алғадай қаза тапты. Бұл жөнінде ақынға хабар жеткенде, ол біраз үнсіз отырып барып, қайғылы хабарға өлеңмен жауап берді. Жамбылдың ақырғы жыры

1945 жылы 9 мамырда айтылды. Бұл неміс фашистерін біздің халқымыздың қаһармандықпен жеңгендігіне арналған еді. Жүз жасқа небары бірнеше ай қалғанда.

1945 жылы 22 маусымда Жамбыл қайтыс болған.

1946 жылы ақпанда Қазақстан жұртшылығы даңқты ақынның жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Юбилейіне қарай ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты. Жамбыл Жабаев Ленин, Еңбек Қызыл Ту және «Күрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.



ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өлеңдер

- Атаңың алдиі
- Балаларға
- Балама хат
- Бесік жыры
- Жастық жыры
- Жаңа жыл
- Жаңа жыл сәлемі
- Жеңіс жырын сайраңдар
- Жүз жасаған жүректен
- Ленин
- Ленинградтық өреңім
- Шәкірт балаларға
- Октябрь толғауы
- Сәлем саған комсомол



- Сыйлық
- Туысқан ел
- Чапай
- Халық туысқандығы
- Өнердің өсуі есік жыры

Айтыстар

- Жамбыл мен Айкүміс
- Жамбыл мен Құлманбет
- Жамбыл мен Шашубай
- Жамбыл мен Досмағанбет

Дастандар

- Өтеген батыр
- Сұраншы батыр
- Көрұғлы
- Бақ, дәулет, ақыл



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

- 1846-жылы 28-ақпанда дүние келген.
- 1945-жылы 22-маусымда қайтыс болған.
- Тұңғыш « XX - ғасыр Гомері » атанған қазақ ақыны.
- Ешкімнен жеңіліп көрмеген тұңғыш айтыс ақыны.
- 1938-жылы 15-шілдеде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің тұңғыш сессиясын тұңғыш өлеңмен ашқан ақын.
- Қазақстанның тұңғыш жүз жасаған ақыны.
- Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып ақын атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам.

84(5Каз)

Ж85

Жүз тұңғыш. 2-кітап / Құраст.
Б. Нұржекеұлы. - Алматы :
Жалын, 2005. - 352 бет

ЖАМБЫЛ ХАЛЫҚ ЖЫРШЫСЫ


Жамбылдың ақындық дүниесі үлкен бір қазына. Данышпан ақынның туғызған күдіретті жырлары тыңдаушысы мен оқушысын әрдайым тамсандырған. Осы күні Жамбыл есімі әдебиетіміздің үлкен бір белесі, биігі болып тарихқа енді. Жамбыл еліміздің, кемелденген Қазақстанның баламасы ретінде шет жерлерде де танымал. Жыл өткен сайын сол мол қазынаны бір ақтарып, қайта бір оқып, қанағат тапқың келеді. Сондықтан да Жамбыл дүниесі әрдайым қайта басылып, қалың оқырман қауымға қайта ұсыныла бермек.

84Каз

Ж 25

Жабаев , Ж.

Екі томдық шығармалар жинағы :
Революцияға дейінгі шығармалары /
Ж. Жабаев . - Алматы : Жазушы,
1982. - 336 бет.



Жамбыл Жабаеттың туғанына 170 жыл толу мерейтойы қарсаңында жыраудың шығармашылық өмірін зерттеп, зерделеген бірнеше кітап жарық көрген. Олардың әрқайсысынан ақын шығармашылығының әр қырын тануға болады.

«Жамбылдың әзілдері» жинағына Жәкеңнің қалжың өлеңдері мен естеліктерден, мақалалардан алынған әзілдері енгізілді.

Бірде қара сөзбен, бірде өлеңмен жеткен Жамбыл юморының көркемдік кестесін, зернақыштарын, суырыпсалма ақындық өнердегі зергерлікті зейін қойып зерттеуге, жанрлық ерекшеліктерін айқындау – қазақ әдебиетінің тарихын, әсіресе, авторлық ауыз әдебиетінің поэтикасын байыптау – ұлттық рухани қазынамызды тану мен түгендеу контексінде күрделі де зәру мәселелердің бірі.



83.3(2К)

Т 65

Төреқұлов, Н.

Жүз жасаған бәйтерек :
монография / Н. Төреқұлов. -
Алматы : Жалын, 1989. - 240 бет.

Жамбыл Жабаев өр дауысты импровизатор, отаншыл, реалист, патриот ақын. Еңбекте жастар ғибрат аларлық ақындық творчествосы баяндалып көрсетіледі.

Жанр жағынан алып қарағанда, бұл еңбек ғылыми зерттеу де, көсіле суреттелген роман, повесть те емес. Мемуарға жақындау естелік - эссе түрінде жазылған. Барынша жастарға лайықтап сөйлеуге тырысты.

- Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт торласа.
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.
Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса...



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ (1846-1945)

1846 жылы «XX ғасырдың Гомері» атанған ұлы жыршы Жамбыл Жабаев өмірге келді. Сонан бері дүниеде күллі адамзат баласын таңдандырған небір ғаламат оқиғалар өтті. Шын асылдардың, алапат дарын иелерінің, асқақ тарихи тұлғалардың қадір-қасиетіне ол әманда оң көзімен қарап келген. Ұлы жыршы Жамбыл да сол уақыт деп аталатын әділ төреші әділ көзімен қараудан бір жаңылған емес. Талайлар сүрінген қиямет көпірінен ұлы бабамыздың сыр бермей өтіп келе жатқаны да сондықтан.

83.3(5каз)

Т 93

Тілепов, Ж.

XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті : оқулық / Ж. Тілепов ; ҚР білім және ғылым министрлігі. - Алматы : 2015. - 388 б.



Жамбыл — халық жыршысы


Жамбыл - қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған дара тұлға. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды.

83.3(5Каз)

Б17

Базарбаев, М.

Замана тудырған әдебиет :
таңдамалы ғылыми зерттеулер / М.
Базарбаев ; М. О. Әуезов атындағы
әдебиет және өнер ин-ты. - 2-бас. -
Алматы : Жібек жолы, 2005. - 512
бет.



Жамбыл Жабаев (1846-1946)

Екі ғасырдың куәсі, жыршы-жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын Жамбыл Жабаев 1846 жылы 28 ақпанда қазіргі Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегінде дүниеге келді.

Ұстазы Сүйінбайдан бата алған Жамбыл Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағамбет, Құланаян Құлмамбет, Шашубаймен айтысып, оларды жеңгеннен кейін Жетісудің ерен жүйрік ақыны аталады. Айтыстарда ақын қарапайым халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайды.

83.3(5Каз)я73

A14

Абдуллабекова, А. Т.

Қазақ әдебиеті : оқу-әдістемелік құрал / А. Т. Абдуллабекова, Ү. Ш. Ахбанбетова ; ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2011. - 136 бет.



84(каз)



Ж85

Жабаев Ж. Таңдамалы шығармалары.
II томдық. Алматы: Қазақ
университеті, 2016. -1 том.270 б.

Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың таңдамалы шығармалары 1937, 1940, 1955, 1977, 1982, 1996, 2014 жылдары түрлі баспалар және 2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің жанындағы «Қазақ фольклористикасы» оқу-зерттеу лабораториясы жарыққа шығарған нұсқалары негізінде құрастырылды.

Жинақтың I томына Жамбыл өлең-толғаулары мен жамбылтанудың бастау көзінде тұрған тұлғалар зерттеулері жинақталды.

Кітап университеттер мен педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, доктаранттарына, жамбылтанушы ғалымдарға арналған.



83.3(5Каз)Я2

К17


Қазақ әдебиеті. А-Я :
энциклопедиялық анықтамалық
/ ред. Б. Әбдіғазиев. - Алматы :
Аруна, 2005. - 573 бет.

ЖАМБЫЛ Жабаев (1846-1946) - ақын, жырау, жыршы. Жасынан анасы Ұлданның ақындық талантын бойына сіңірген, С.Аронұлының шәкірті. Асан қайғы, Бұқар жырау, Шөже, Балта, Шернияз, Шортанбай, Дулат, Сүйінбай, Досқожа, Нысанбай, Майкөт, Майлықожа, Құлыншақ, т.б. ақындарды үлгі тұтқан. Сонымен бірге Жамбыл туысқан қырғыз елінің де сөз өнерін жетік білген. Қырғыз ауылдарын аралап, өлең айтып, күй тартып, айтысқа түскен. Атақты Токтоғұл, Мұраталы, Әлімқұл, Балық, Тыныбек, Қатаған сияқты дүлдүлдермен өнер сайысына түскен.



Жамбыл Жабаевтың «Таңдамалы шығармалар» жинағына өлеңдер, дастандар, айтыстар енгізілген. Жинағының жалпы редакциясын басқарып, жинақты құрастырған: филология ғылымдарының докторы, профессор Бекен Ыбырайым. Сонымен қатар бұл жинақта авторлық ауызша поэзияның алып тұлғасы – Жамбыл Жабаевтың әр жанрдағы шығармалары іріктеліп енгізілді.

Бұл еңбек университеттер мен педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, доктаранттарына, жамбылтанушы ғалымдарға және де көпшілік қауымға арналған.



Жамбыл Жабаев пен Күләш Байсейітова


Жамбыл – ұлы ақын, жырау, жыршы. Ұлы жүз құрамындағы шапырашты тайпасының екей руынан шыққан.

« Менің пірім – Сүйінбай...» деп Жамбылдың өзі жырға қосқандай, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр даңғылынан тәлім-тәрбие алған. Ақынның ақын болып қалыптасуы тек Жетісу ақындық мектебінің ауқымында қалған жоқ. Ол өзіне дейін өмір сүрген атақты жыраулардың, өзімен қатарлас ақындар мен жыршылардың бай мұрасын, күллі халық поэзиясын толық меңгеріп, өз шығармашылығына тұғыр еткен.

92(5Каз)я2

Қ18

Қазақстан : ұлттық
энциклопедия. Т. 3. Г-Ж / бас
ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы :
Қазақ энциклопедиясы, 2001. -
720бет .



92я2


К14

Казахстан : национальная
энциклопедия. Т. 2. Г - Й / гл.
ред. Б. Аяган. - Алматы : Қазақ
энциклопедиясы, 2005. - 561 с.



Жамбыл Жабаев с внучкой Дильдахан

Практически всю свою долгую и плодотворную жизнь Жамбыл Жабаев посвятил воспеванию лучших человеческих качеств — патриотизма, благородства, верности правому делу и справедливости. Мощный талант казахского поэта оценили еще при жизни акына. Сейчас же стихи Жамбыла Жабаева звучат на более чем 50 иностранных языках. Творчество поэта сберегло актуальность и поныне.



84(2К)

Ж 26

Жамбылдың таңдамалы
шығармалары :
шығармалар. - Анкара : Б .
ж ., 1996. - 438 бет



Түбі бір түрік халықтарының өркениет үрдісінде әлемдік әдебиетке қосқан асыл қазыналары аз емес. Солардың ішінде қазақ фольклоры да ерекше орын алады. Туысқан түрік халқының Жамбылдың 150 жылдық мерейтойына орай ақынның таңдамалы өлең кітабын жарыққа шығаруы аса құптарлық та қуанарлық іс. Өйткені Жамбыл шығармалары өркениетті адамзат баласының баршасына ортақ. Әсіресе, түркі тектес халықтарға тән ақпа-төкпе, жыраулық, жыршылық, суырып салма ақындық өнерді кеңінен дамытты.

КӘСІПТІК ҚАЗАҚ ТІЛІ білімі-танымдық журнал



83

Қ 98

Қалижан, У.

Ой жырым, қызыл тілім сенің арқаң! / У. Қалижан // Кәсіптік қазақ тілі. -2016. -№ 3 (39). –б.4



УӘЛИХАН ҚАЛИЖАН
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

**ОЙ ЖЫРЫМ,
ҚЫЗЫЛ ТІЛІМ,
СЕНІҢ АРҚАҢ!**

Сөз сөйлемен сыйымбай.

Сырлы, сұлу сөздері,

Маған тартқан сыйымбай, – деп бұл сөздерді өз жүрегіне бойтұмар етіп, көзі жұмылғанша өлеңге, домбыраға, киелі өлеңге адал болды. Өзінің өмірге деген құштарлығы, адам тани білетін абыздық қасиетінің арқасында замана көшіне ілескеннен, өзін басшылармен де, қосшылармен де тең ұстады. Қазақы қалқын мен мысқыл, ажуа, сынды өмірлік қандағаттарды шебер пайдаланатыны сондай, ақынның астарлы сөзінен жақындары да, жоғарыдағылар да сөксеніп жүретін-ді. Тіл – құдірет, тіл – садақ, тіл – нәзак, тіл – надақ, Мұны Жамбыл бабамыз жетік білді:

Елінің азаматын таным қылмақ,

Ой-жырым, қызыл тілім сенің арқаң, – деп Жамбыл бекер айтты дейсің бе?

Жамбылдың осындай дара қасиеттерін, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов тайға тақпа басқандай етіп жазып кетті.

«Жамбыл – ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен аса зор құбылыс. Оның бір өзі эпик ақын, әрі айттыс ақын, әрі азаматтық әуеннің де ақыны».

Ұлыны ұлы ғана таниды. Әуезов мойындаған, Сейфуллин бас иген, Сәбит Мұқанов ардақтаған, Рамен Роллан сәлем салған, Ғабит Мүсірепов сынды сырбаз жазушы еркелеген Жамбыл бабаның ән-жыры, күйлері мен айтыстары, дастандары қазағымен бірге жасайтын ұлттық құндылыққа айналып кетті. Енді тарих даңғалағы кері кетпейді, егемен, тәуелсіз Қазақстанның ұлттық бренді ретінде Жамбыл баба есімі жасай береді, жасай береді.

Жамбыл поэзиясы – шыншыл поэзия. Өмірді өлеңмен өрнектеген ақын жырларынан қазақ тұрмысының, қазақ қоғамының әділетсіз болмысын шенеген өлеңдері оның атын ерте шығарды. Әрі Жамбыл үшін поэзия Алланың берген сыйындай қастерлі, қасиетті.

Жамбыл XX ғасырдың Гомері атанған, суырпысалма ақындық өнерінің ғажайып жұлдызына айналған Жамбыл Жабаяев есімі ұмытылған жоқ. Қайта жаңара, жасара түскендей.

Рас, Жамбыл еуропалық білім алып, академияны, университетті бітірмеді. Бір қаламгер жазғандай, «бұл Жамбылдың трагедиясы емес, бұл Жамбылдың өзінің академияға, университетке айналып кеткенін көрсететін ғажайып ғұмыр. Алла өлең қондырған тамаша тағдыр.

Жамбыл – қазақ ауыз әдебиетінің энциклопедиясы. «Жамбыл менің жай атым, халық менің шын атым», - деуі ұлы ақынның осы қасиеттерін даралап тұр емес пе? 1940 жылдың ақпанында жазған ақынның хатшысы Ғали Ормановтың күнделігіндегі: ... оқимаған кісімін, әйтсе де байқаймын, халық көп біледі. Менің білімім – сол халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым», - деген сөздер қандай терең, қандай салмақты!

Жамбыл қаласынан өтіп бара жатқанда:

Атыңнан айналмайың, Әулиеата,

Атымды ал қойдың деп болма қала, – деп келетін сөзі не тұрады?

Әсте, қазақтың табиғатында сал-серілерді, ақын-жырауларды қастерлейді де, жеке өз отбасына келгенде, одан қашуға тырысатын әдет бар. Жабай бабамыз да Жамбылдың өлең құғанын қаламағаны белгілі. Мал табу немесе молда болу сияқты кәсіпті несіп етсе, қатарынан қалмас деп пайындайды. Сондықтан да молда алдына апарып, тізе бүктіреді. Бірақ асау жүрек әке шешіміне көндікпейді. Ол бестегі бозбала:

Оқылғанша мен оған,

Домбыраны қалға алған,

Өлең кірген түсіме,

Жүрегіңде мен болсам, – деп қасиетті өлеңге жығылады.

Менің пірім – Сүйінбай,



Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына - 175 жыл

Ақын Жамбылдың кеңестік дәуірге дейінгі өмірі қыр-қауып, мұла түсімен, қандастары қояндық отар-аудың зардабын көріп үлгерген аса ауыр жағдайда тті. Мұның түбірлі себебі тікелей сол кездегі саяси-пеулеттік жағдайларға байланысты еді. Ақын Жам-ыл дүние есіні ашқан уақытта қазақтың күнгей Қоран аңдығының қол астында болатын. Қазақ даласының есейі империясы тарапынан отарлануы бүгінгі таң-а әдеби, тарихи еңбектерде көң қамтылып, ылым зерттеулердің талдау өзегіне айналып та ұлғаді. Іл, қазақтың оңтүстік өлкесі (Ташкенттан Ұзынағашқа өйінгі аралық) мен теріскей батысы (Сыр бойы мен-ралп аймағы) Қоран хандығының өзсіне түскен бо-атын. Қоран хандығы тарапынан жүргізілген отарлау ақыты әдебиет тарихында да, тарих ылымында да қді-енді ғана зерделені бастады. Қорандықтар тұтас ыргыз даласына да, Қашқарға дейінгі аймаққа да өмі-ін жүргізді. Мәселен, біз өлі де Сүйінбай мен Жам-ылдың шығармашылық мұрасын танытуда қатты қ-ұрғыдан аса алмай, кеңестік кезеңде айтылған тар-етодология шеңберін шырылап жүріміз. Мұны Жам-ыл мұрасының тапсырыспен, кеңес берумен жазыл-ан, кеңесшілдерді шарықтау шегіне жеткізе мақтаған-пендерінің қайта-қайта басылуынан да көреміз. Ал, амбылдың қуаты күшті шығармаларының кеңестік-кеңестік пайы танытылғанды, қалайық байытқанды алып,

шыңдылық Жамбылдың ақындық мектебін, кеңестік дәуірге дейінгі шығармашылығы мен айтыстарын, әлі қалық дәстүрін жаңаша танымақ көрес.

Профессор С.Садырбаев дерегінде 1875 жылдары Қоран өскіне қарсы Сұрандымен бірге жауға шпәтін Сарыбайдың өткені жыл толып, ас берілгенде қыр-лық, қоран өгінен белгілі кісілер шақырылады. Сол асқа қарғ ақын Майнат те келеді. Сарыбайдың жолын туыс Сүйінбай асына ас берген ақраң ақсақалы болып оты-руға тура келері де, асқа келгендерді Саржанмен бірік-жүріп, ақын болып қарсы алу міндеті Жамбылға тиері Жамбыл Майнат тобына келіп:

... Алдыңан үлкендердің өтойы деп,
Алдала әдеп еттім бірақ ғана,
Сіз бе еді, ақын ата Майнат деген,
Бір сөзі бір сөзіне қайшы өтпеген,
Саңыралдап сарайыңнан өлең шығса,
Именіп өзге ақындар байлөктеген, – деп аса зор-зетпен шұбырта жөнелері. Жамбылға риза болған Майнат:

Барекелді Жамбылым,
Сөз жүкесін келтірдің,
..Аталы сөз – мені мол,
Жылағымды келтірдің
Тал бойында бар екен

Ақын шеңберінен ...

83

Ө 107

Өмірзақов, С.

Он жасынан өлең болған серігі / С. Өмірзақов // Оңтүстік Қазақстан. – 2021. -13 ақпан. –б.8-9.

Назарларыңызға рахмет !

**Қызмет көрсету бөлімі:
Серикбаева Г.**